

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (3)
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2022
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2023
© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieвна — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY


Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 3, pp. 585–598, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_35_3_585-598

THE SYMBOL OF THE "WHITE TSAR" AND THE 300TH ANNIVERSARY OF THE REIGN OF THE ROMANOV DYNASTY IN THE NATIONAL PRESS

Khazretali Tursun¹, Khakan As²

¹Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
 (29, Bekzat Sattarkhanov Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of Historical Sciences, Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz
 *Corresponding author

²Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
 (29, Bekzat Sattarkhanov Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)
 PhD Student
 <https://orcid.org/0009-0000-4238-5277>. E-mail: hakanas1988@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023
 © Tursun Kh., Khakan As, 2023

Abstract. *Introduction.* The article deals with the question of the sacredness of power in the Kazakh historical consciousness of the twentieth century based on the analysis of materials from domestic publications and archival data. Power is the basic concept of historical knowledge in any society. Accordingly, when analyzing archival documents and traditional data, it is necessary to assess the difference in the ideological interests of the metropolis and the colony. The transformation of power in the Kazakh traditional society, which took over the power of the Russian Empire, took place in a very difficult environment. Especially since the integration of traditional power structures with the new social structure in some cases led to open conflict, attempts by the local ruling elite to compromise with the Russian Empire were often promoted in the media. The essence of the problem was the sacredness of power, rooted in the Kazakh mentality. *Goals and objectives.* The main goal of the study is to analyze the genesis of the “White Tsar” concept in the domestic historical memory based on the sacredness of power. Accordingly, by analyzing archival documents and traditional sources, it is necessary to evaluate the difference in ideological interests between the metropolis and the colony. *Results.* The article analyzes the formation and functions of the concept of the “White Tsar” based on these archival documents and materials of the domestic press. Letters of Kazakh khans to Russian tsars and emperors testify to their respect for the ruler. In Kazakh historical memory, respect for the rulers of Russia is fixed with the concept of the “White Tsar”. In the colonial period, the concept of inviolability of power was widely promoted in the national press during the celebration of the 300th anniversary of the Romanov House. *Conclusion.* The article proves that although the traditional socio-political institutions were transformed in the state of the metropolis colony, the concept of the sanctity of power as a political institution could not enter Kazakh-Russian relations. It is concluded that the events to celebrate the 300th anniversary of the rule of the Romanov dynasty, instead of establishing the immunity of power, had a negative impact on historical consciousness and became one of the arguments against the colonial power.

Keywords: Concept of "white tsar", sacredness of power, 300th anniversary of the reign of the Romanov dynasty, national press, Konur-Khodzha Khodzhikov

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Culture and sports of the Republic of Kazakhstan "Comprehensive study of the socio-economic and cultural history of the city of Turkestan in the XI and XXI centuries" (Registration number: BR 10164179).

For citation: Tursun Kh., Khakan As. The symbol of the "white tsar" and the 300th anniversary of the reign of the Romanov dynasty in the national press // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 3. Pp. 585–598. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_585-598

«АҚ ПАТША» РӘМІЗІ ЖӘНЕ РОМАНОВ ӘУЛЕТІ БИЛІГІНІҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДЕ

Х. Тұрсұн^{1*}, Хакан Ас²

¹Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(29-үй, Бекзат Сағтарханов көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
Профессор, тарих ғылымдарының докторы

 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

*Автор-корреспондент

²Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(29-үй, Бекзат Сағтарханов көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
Докторант

 <https://orcid.org/0009-0000-4238-5277>. E-mail: hakanas1988@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Тұрсұн Х., Хакан Ас, 2023

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала қазақ тарихи санасындағы биліктің киелілігі мәселесін ХХ ғ. басындағы ұлттық басылымдардың материалдары мен архив деректері негізінде талдауға арналған. Билік қандай қоғамда да тарихи танымның басты ұғымына айналған. Ресей империясының бодандығын қабылдаған қазақ дәстүрлі қоғамында биліктің трансформациялануы өте күрделі жағдайда іске асты. Әсіресе, дәстүрлі билік құрылымдарының жаңа қоғамдық құрылыспен кірігуі кейбір жағдайларда ашық текетіреске ұласса, көбіне жергілікті билеуші элитаның Ресей империясымен ымыраласуға бағытталған әрекеті баспасөз құралдарында насихатталып жатты. Мәселенің басты түйіні қазақ менталитетінде орныққан биліктің киелілігіне байланысты болатын. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің басты мақсаты ұлттық тарихи жадта биліктің киелілігіне қатысты орныққан «ақ патша» ұғымының генезисін деректік негізде талдау болып белгіленді. Соған сай архив құжаттары мен дәстүрлі деректерге талдау жасау арқылы метрополия-колония арақатынасындағы идеологиялық мүдде алшақтығына баға берілуі керек. *Нәтижелер.* Мақалада архив құжаттарының деректері және ұлттық баспасөз материалдары негізінде «ақ патша» ұғымының қалыптасуы мен қызметі талданады. Қазақ хандары Ресей патшалары мен императорларға жазған хаттарында билеушіге деген құрметі анық байқалады. Қазақ тарихи жадында Ресей билеушілеріне құрметі «ақ патша» деген ұғымымен орныққан. Ал отарлық кезеңде биліктің киелілігі ұғымы Романовтар әулетінің 300 жылдығын атап өту кезінде ұлттық баспасөзде кеңінен насихатталғандығы соның айғағы. *Қорытынды.* Мақалада метрополия – колония жағдайында дәстүрлі қоғамдық-саяси институттар трансформацияланғанымен биліктің киелілігі ұғымы саяси институт ретінде қазақ-ресей қарым-қатынастарына кіріге алмағандығы дәлелденеді. Романов әулеті билігінің 300 жылдығын атап өтуге арналған шаралардың биліктің киелілігін орнықтырудың орнына тарихи танымда кері ықпалға ие болып, отарлық билікке қарсы шығудың дәлелдерінің біріне айналғандығы туралы тұжырым жасалады.


Түйін сөздер: «Ақ патша» ұғымы, биліктің киелілігі, Романов әулеті билігінің 300 жылдығы, ұлттық баспасөз, Қоңырқожа Қожықов

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «ХІ және ХХІ ғасырлардағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын кешенді зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR 10164179).


Дәйексөз үшін: Тұрсун Х., Хакан Ас. «Ақ патша» рәмізі және Романов әулеті билігінің 300 жылдығы ұлттық баспасөзде // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 3. 585–598 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_585-598

СИМВОЛ «БЕЛОГО ЦАРЯ» И 300-ЛЕТИЕ ПРАВЛЕНИЯ ДОМА РОМАНОВЫХ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЕ

Х. Турсун^{1*}, Хакан Ас²

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ахмеда Ясави
(д. 29, ул. Бекзата Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор
 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

*Автор-корреспондент

²Международный казахско-турецкий университет им. Ахмеда Ясави
(д. 29, ул. Бекзата Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
PhD докторант
 <https://orcid.org/0009-0000-4238-5277>. E-mail: hakanas1988@gmail.com

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Турсун Х., Хакан Ас, 2023

Аннотация. *Введение.* В статье рассматривается вопрос сакральности власти в казахском историческом сознании XX века на основе анализа материалов национальной печати и архивных данных. Власть является основным понятием исторического сознания в любом обществе. Соответственно, анализируя архивные документы и традиционные источники, необходимо оценить разницу идеологических интересов метрополии и колонии. Трансформация власти в казахском традиционном обществе, принявшем власть Российской империи, происходила в очень сложной обстановке. Тем более, что интеграция традиционных властных структур с новой социальной структурой в ряде случаев приводила к открытому конфликту, попытки местной правящей элиты пойти на компромисс с Российской империей часто пропагандировались в СМИ. Суть проблемы заключалась в сакральности власти, укоренившейся в казахском менталитете. *Цель и задачи исследования.* Основная цель исследования заключается в анализе генезиса утвердившегося в отечественной исторической памяти концепта «белый царь» на основе сакральности власти. Соответственно, анализируя архивные документы и традиционные источники, необходимо оценить разницу идеологических интересов метрополии и колонии. *Результаты.* В статье анализируются формирование и функции понятия «белый царь» на основе данных архивных документов и материалов национальной печати. Письма казахских ханов русским царям и императорам свидетельствуют об их уважении к правителю. В казахской исторической памяти уважение к правителям России закрепляется с понятием «белый царь». В колониальный период понятие неприкосновенности власти широко пропагандировалось в национальной прессе во время празднования 300-летия дома Романовых. *Заключение.* В статье доказывается, что хотя традиционные общественно-политические институты трансформировались в государстве метрополии-колонии, концепция сакральности власти как политического института не смогла войти в казахско-русские отношения. Делается вывод о том, что мероприятия по празднованию 300-летия правления дома Романовых вместо установления

неприкосновенности власти оказали негативное влияние на историческое сознание и стали одним из аргументов против колониальной власти.

Ключевые слова: Понятие «белый царь», сакральность власти, 300 летие правление дома Романовых, национальная печать, Конур-Ходжа Ходжиков

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства культуры и спорта Республики Казахстан «Комплексное изучение социально-экономической и культурной истории города Туркестана XI и XXI веков» (регистрационный номер: BR 10164179).

Для цитирования: Турсун Х., Хакан Ас. Символ «белого царя» и 300-летие правления дома Романовых в национальной прессе // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 3. С. 585–598. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_585-598

Кіріспе

Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан биліктің киелілігі ұғымы далалық демократияның берік ұстанымы болды және халықты біріктіруші саяси тетікке айналған еді. XVIII ғасырдың бас кезінен Ресей империясының ықпалына өте бастаған қазақ қоғамында дәстүрлі биліктің киелілігі ұғымы деформациялана басталды. Империялық билік енгізген жаңа саяси жүйе дәстүрлі қоғамдық-саяси құндылықтар арасынан биліктің киелілігін саяси тетік ретінде сақтауға мүдделі болатын. Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығын атап өту шаралары осы мүддеге қызмет етуі тиіс еді. Дегенмен, қазақ қоғамында орныққан Ресей билеушілеріне деген қарама-қайшылықты көзқарас жағдайында аталған мемлекеттік шара күткен саяси тиімділікке қол жеткізбеді.

Қазақ дәстүрлі тарихи жадында «ақ патша» ұғымы өте күрделі сипатымен орнықты. Билеушілерге қатысты биліктің киелілігі «ақ патша» ұғымында халықты жарылқаушыдан жаулаушыға дейінгі саяси спектрді қамтыды. Ресейге қосылу нәтижесінде өз мемлекеттілігінен айрылған халықтарда саяси құндылықтардың алмасуы процесі деректік талдауды қажет етеді. Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығын атап өту тарихын арнайы тақырып етіп қарастыру XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында орын алған саяси өзгерістердің мәнін айқындауға мүмкіндік береді. Билеушіге деген шексіз сенім, оның тағын құрметтеу, билікке қарсы шықпау, одан араша сұрау түріндегі этнопсихология қоғамдық қатынастардың трансформациялануы барысында күрделі өзгеріске түсті. Тарихи тәжірибе бұқара халықтың әділетті қоғам мен бейбіт те берекелі тұрмыстың кепілі деп үміт күткен «ақ патша» рәмізінің шынайы мәнін ашып берді.

Материалдар мен әдістер

Отан тарихының дәстүрлі дереккөздерін құраған әртүрлі жанрдағы тарихи фольклорды талдауда этноцентристік ұстанымға басымдық беру бағыты қолданылып келеді. Біздің зерттеуіміз қазақ дәстүрлі қоғамындағы тарихи сананы типтендіру және метрополия – колония қарым-қатынасының дәстүрлі тарихи санадағы көрінісін жіктеу міндеттерін іске асыруға арналады. Осы бағытта зерттеу нысаны ретінде Романовтар әулеті билігінің 300 жылдық юбилейіне қатысты архив деректері, жазба еңбектермен бірге XX ғ. басындағы ұлттық баспасөздің «Түркістан уалаятының газетасы», «Қазақстан», «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналының материалдары тандап алынды. Билік рәмізінің қызметін айқындауға арналған зерттеуіміздің басты дереккөзін осы аталған ұлттық баспасөз материалдары құрайды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі ұлттық басылымдарды меншік түріне қарай топтастырғанда «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» ресми басылымдар болса, «Қазақстан», «Айқап», «Қазақ» басылымдары биресми-ұлттық басылымдар болатын. Қ. Атабаев қазақ ұлттық баспасөзінің тарихын бес кезеңге топтастырады (Атабаев, 2000: 38). Біздің қарастыратын ұлттық басылымдарымыз соның алғашқы кезеңін (1870–1918) қамтиды. Осы кезеңдегі «Айқап» журналының шығарылу тарихына қатысты «Оренбургский край» газетінде «Қырғыздардың екі аптада бір рет шығатын «Айқап» қоғамдық-саяси журналы сипаты жағынан да, түрі жағынан да өзіндік ерекшелігі бар басылым» (Мусульманская печать, 1912) деп баға беріледі. Ал саяси бағытты ұстанған «Қазақ» газетінің құрылтайшысы «Азамат» серіктестігімен жасалған келісім-шартта газеттің меншігіне А. Байтұрсынов пен М. Дулатов құқылы екендігі көрсетілген (ООМА. 10-қ. 4-т. 10/17-іс.

49-п.). Демек, басылымның саяси, мәдени бағыт-бағдары көп жағдайда оның басшыларының ұстанымдарына қатысты болған.

Метрополия – провинция немесе колонизатор – бодан түріндегі дилемма күштінің әлсізге озбырлығын тудыратыны белгілі. Осы қақтығыс жағдайында жоғары билік төреші және арашалаушы қызметін атқаруы тиіс. Қазақ жерінің Ресей бодандығына өтуі туралы жазба және дәстүрлі дереккөздерге шолу жасағанда жергілікті тұрғындардың монархтың қызметі мен оның иеленген артықшылықтары туралы түсініктерінің қандай болғандығына көз жеткіземіз. Соның ішінде «ақ патша» бейнесінде қалыптасқан биліктің киелілігі көбіне бұрмаланған және мифтендірілген ресейлік рәміз түрінде орныққандығы аңғарылады.

Ресейлік және қазақстандық тарихшылар посткеңестік кезеңде империя және бодан ел арақатынасының тарихына қатысты ортақ методологиялық ұстаным іздестіруде. Осыған байланысты ресейлік билікті және үкіметтің интеграциялық саясатын орнықтырудағы орысеместердің реакциясын олардың жатжерліктердің билігіне қаншалықты көмектескендігімен немесе қаншалықты қарсылық жасағандығымен бағалау тұжырымы біршама объективтілігімен ерекшеленеді. Зерттеуімізде осы методологиялық ұстаныммен бірге жалпытарихи тәсілдер басшылыққа алынды.

Талқылау

Қазіргі Қазақстан аумағында Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығын атап өту тарихы арнайы тақырып ретінде осы кезге дейін қарастырылмай келді. Кеңестік тарихнамада, тіпті тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген Қазақстан тарихының көптомдық академиялық жинақтарында да бұл тақырып зерттеушілер назарынан тыс қалды.

Ресей билеушілері және Ресейдегі биліктің киелілігі жөнінде В.В. Трепавлов іргелі зерттеуінде «барлық халықтарды билеушіге – «ақ патшаға» бодандық біріктірді. Монархтың киелі, қол жетпейтін тұлғасы көп деңгейлі басқарушылар пирамидасының тәжін киіп қана қоймай, сонымен қатар бағыныштылар үшін сыртқы жаулардан, шенеуніктердің қиянаттарынан, биліктің озбырлығынан және т.б. қорғайтын үміттің оты болатын» (Трепавлов, 2017: 6) деген тұжырым негіздеген.

Ұлттық баспасөз тарихының бастапқы кезеңі кеңестік тарихнамада біржақты қарастырылды. XX ғ. 30-жылдары А.К. Богачев, С. Брайнин, Ш. Шафиrow, Т. Рысқұлов, С. Асфендияровтардың зерттеулерінде бұл биресми басылымдарға «ұлтшыл», «байшыл» басылымдар деген айдар тағылды да біз қарастырып отырған «романов әулеті», «ақ патша» ұғымдарына назар аударылған жоқ. Содан да, ұлттық басылымдардың кеңестік тарихнамасына талдау жасамадық.

XX ғ. 50–80 жж. жарық көрген ұлттық баспасөз тарихына арналған Т. Амандосов, С. Имашов, М. Фетисова, Б. Кенжебаев, Т. Қожекеев, Х. Бекхожин, С. Қозыбаевтардың зерттеулерінде революцияға дейінгі кезеңдегі ұлттық баспасөзге тарихи дереккөз ретінде объективті баға берілмеді. XX ғ. 90-жылдарынан бастап аталған биресми ұлттық басылымдарды отан тарихының дерегі ретінде қарастырған зерттеулер жарық көре бастады. Н. Омашов, Ө. Абдиманов, Қ. Алдаберген және т.б. зерттеулерінде аталған басылымдардың ел тарихы мен мәдениетіндегі атқарған рөліне берілген объективті баға орнықты. Аталған биресми басылымдардың жинақ болып жарық көруіне және ғылыми жүйеленуіне библиограф Ү. Сұбханбердинаның 1960–1990 жылдары жүргізген зерттеулері үлкен үлес болып қосылды (Сұбханбердина, 1999).

Біздің зерттеуіміздің нысаны болған XX ғ. бас кезіндегі қазақ ұлттық басылымдары әртүрлі қырларынан зерттеліп келді. Мәселені XIX–XX ғасырлар тоғысында Түркістандағы мұсылман жастарын ерікті түрде қайырымдылық арқылы өнерге тәрбиелеу тақырыбында ұлттық басылымдардың деректерінің мәліметтерін айналымға ұсынған. Осы мәселеге қатысты М. Сералиннің, М. Дулатовтың, Ш. Құдайбердиевтің мақалаларына талдау жасалады (Муканова және т.б., 2022: 827–829). Әйтсе де, ұлттық басылымдардың Романовтар әулеті билігінің 300 жылдық юбилейін атап өтуге қатысты жүргізілген үгіт-насихат науқаны арнайы желі болып қарастырылған жоқ. Бұл науқанның ел ішінде саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған идеологиялық сипаты осы тақырыпты арнайы желі етіп қарастырудың қажеттігін айқындайды. Өйткені, ұлт-азаттық қозғалыс тарихындағы саяси күрестің мақсаттарымен мүдделеріне нақтылық берген бүкілресейлік саяси шарадан қазақ елі де тыс қалмаған еді.

«Еуразия далалық белдеуіндегі қазақ тарихы Шығыспен де, Батыспен де саяси-мәдени сұхбатта болды. Әрине, оған мәдени-тарихи құндылықтар да әсер етті. Осы тұрғыдан алғанда дәстүрлі қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымының өзіндік ерекшеліктері бар (Tursun et al., 2022: 2) екендігін ескеру де зерттеудің басты бағыттарының бірі ретінде тандалды.

Нәтиже

Дәстүрлі қазақ қоғамында биліктің киелілігін танытатын билеушілерге қатысты тарихи таным Ресей билеушілеріне қатысты «ақ патша» түрінде қалыптасқан. В.В. Трепавлов «ақ патша» рәмізінің қалыптасу генезисін анықтауға қатысты деректерді талдай келе түрлі нұсқалардың арасынан «аталған титулды ежелден орыс адамдарының өздері қолданысқа енгізген» (Трепавлов, 2017: 10) деген тұжырым ұсынған. Біз аталған эпитеттің қазақ дәстүрлі қоғамындағы көріністерін ғана талдаймыз. «Ақ патша» эпитетін қазақ хандарының Ресей билеушілеріне жазған хаттарынан кездеседі. Сондай алғашқы деректі 1687 ж. мамыр айында, екіншісі 1692 жылы ноябрьде Тәуке ханның Иван V мен I Петрге жазған хаттарында «Белый царь», «белым великим царям» деген эпитетті қолданғандығы түрінде кездестіреміз (Известия, 1936: 526–527).

XIX ғ. ортасында Ресей императорының құзырына барған Түркістан өлкесінің депутацияларына қатысты архив құжаттарынан мынадай реттілікті аңғарамыз: отарлық билік әкімшілігінің II Александрға жолдаған ресми құжаттарында «ақ патша» эпитеті қолданылмайды. Оның есесіне император атына жергілікті тұрғындар атынан жазылған мадақ немесе шағым хаттарда «ақ патша» теңеуін қолдану міндетті компонентке айналған. Мысалы, 1867 ж. сәуірінде түркістандық Баба Ходжа Ғалымходжиннің хаты «Справедливому и милостливейшему повелителю всей Русской империи и Туркестанской области могущественному белому царю» деп басталса, Ташкент төңірегіндегі игі жақсылардың жазған ұжымдық хаты «Могущественному государю, Покровителю бедных, Великому Царю царей, его величеству Белому царю» (ООМА. 6-қ. 10-т. 8102-іс. 112–113-пп.) деп басталады. Депутация атынан II Александрға тапсырылған мадақ хатта да «ақ патша» эпитетіне ерекше екпін берілген.

Аталған хаттардың мазмұны отарлық биліктің жергілікті құрылымдарының заңсыз әрекеттеріне шағымданып, әділдіктің орнауына «ақ патшадан» көмек сұрау және билікке адалдық танытқан халықтың бейбіт өмірін қамтамасыз етуін өтіну болды. Бұл дәстүрлі элита өкілдерінің «ақ патша» бейнесіндегі Ресей императоры II Александр билігінің киелілігіне бас ұрғандығын танытады. Осы жағдай өздерінің дәстүрлі мемлекеттілігінен айрылып, бодандық ахуалға түскен тұрғындардың жаңадан орнаған саяси билікке деген қатынасын танытады. Бұл жердегі ең басты мәселе бодандық психология емес, биліктің киелілігіне ден қойған менталдық рухани фактор болады.

«Ақ патша» ұғымы қазақ тарихи фольклорының әдеби жанрларында да орын алды. Мәделіқожа Сұлтанқожаұлы (1816–1888) «Ақ патша» деп аталатын өлең жазған. Ақын билеушіні «ақ патша» деп дәріптегенімен жаңа орнаған отарлық билікке өзінің наразылығын ашық білдіреді. «Ақ патша әділмін деп сендіріп тұр», «Қарыстап қара жерді бөлдіріп тұр», «Көнбегенді күшпенен көндіріп тұр» (Мәделіқожа, 2008: 45) деген жолдар 1867–1868 жж. «Түркістан өлкесін басқару туралы» заңдардың халық арасында аса жеккөрініштілікпен қабылданғандығын көрсетеді. Осы Мәделіқожа 1873 ж. генерал-губернатор К.П. фон Кауфманның Хиуаға жорығына қатысып, Сырдария облысының губернаторы Н.Н. Головачевқа (1823–1887) арнап мадақ жыр жазған. Бұл жыр «Туркестанские ведомости» газетінің қазақ тіліндегі аудармасы «Түркістан уалаятының газетасында» жарық көрді. Осы жырда Хиуа жорығына Қазалы арқылы отряд бастап барған князь туралы «Ақ патшаның» жиені кнәз келіп» десе, жорық барысында түрікпендер «Ақ патшаға мойынын ұсынады» деп, Сырдария облысының губернаторы Головачев Хиуа жорығынан кейін Петербургке барып, «Ақ патшаның алдынан мәртебе алып» келгендігін жырлайды (Шымкент оязына қараған: 1875). Осы тарихи оқиғаларды жырлаған Мәделіқожа ақынның генералға мадағы Ресей императоры билігінің киелілігіне деген сенімнен туды.

1867 ж. 26 наурыз күні император II Александр 18 адамнан тұратын Түркістан облысының депутациясын Қысқы сарайдағы императрица Мария Александровнаның Золотая гостинаясында қабылдаған және «благодарил за преданность во время военных действий в Туркестанской области» (РМТА. 516-қ. 1-т. 147-іс. 38–39-пп.). Депутация атынан сөз сөйлеген Молда Қошық II Александрдың қабылдауында айтқан сөзін «Ақ патша көнер болса тілімізге» (Майлықожа, 2005: 537–543) деп Майлықожа ақын (1835–1898) жырға қосады.

Отарлық биліктің эпицентрі патша болды десек, оның нақты тарихи тұлға ретінде емес, дерексізденген бейнесі Ресей халықтарының дәстүрлі саяси мәдениетінің жүйесіне тән болып келеді. Халықтар арасында жоғары билік туралы ұғымдар көбіне стихиялы түрде қалыптасты десек те оны жергілікті билік мақсатты түрде насихаттады. Өйткені, монархқа табыну империяның «мәдениментальды басқыншылығы» (Кундакбаева, 2005: 35) факторынан туындады.

Ресей бодандығындағы түркі халықтары арасында Қазан және басқа қалаларда жарық көрген татар тіліндегі мерзімдік басылымдар Романовтар әулетінің 300 жылдық юбилейінің атап өтілуін кең көлемде насихаттады. Ол жарияланымдарда патша әулетіне түрлі мадақтар айтылып, атқарылған және атқарылатын шаралармен тұрғындарды хабардар етті. Қазан және Қазан губерниясы татарларының жалпы патриоттық және адалдық көңіл-күйі өте жоғары деңгейде болды. Бұл, ең алдымен, Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығын мерекелеуде көрініс тапты, онда «Кояш» («Күн») газетінің жазуынша, «татарлар патриотизмде Ресейден асып түсу үшін бар күш-жігерін жұмсады» (Казанско-татарские газеты, 1913: 213).

Романовтар әулетінің тойы татарлардың діни-рухани, кәсіпкерлік және қоғамдық-саяси элитасының ұлттық білім беру ісі мен әлеуметтік-қайырымдылық қызметтерінде жоғары қоғамдық-саяси ұйымдасқандығын танытуға кең мүмкіндіктер ашқандай болды. Олай дейтініміз, юбилей қарсаңында татар тілінде ғылыми-педагогикалық «Мактап» («Школа») журналдарының алғашқы сандары жарық көрген. Газетте татар әдебиетінің классигі Габдулла Тукайдың (Г.М. Тукаев) көлемді өлеңі жарияланды:

«Триста лет Романовых держава

Осеняла земли и моря.

И сегодня вновь венчает слава

Род и имя белого царя. (Ахмеров, 2004)

Осыған ұқсас «жанашырлық мақалалар» «Қояш», «Баянул-хақ» газет-журналдарында да жарияланды. Орыс тіліндегі «Казанский Телеграф», «Чистопольские вести» газеттерінде жариялаған хабарларға қарағанда татардың зиялы қауымы юбилейді атап өтуді өңірде қалыптасқан мәселелерді шешуге бағыттауға тырысқандығы аңғарылады (Ахмеров, 2004).

1905–1907 жж. алғашқы орыс революциясынан кейінгі кезде ғана қалыптаса бастаған қазақ тілді басылымдарда юбилейді атап өтуге қатысты ондай сапырылыс байқалмайды. Осы кезге дейін қазақ жерінде отарлық биліктің ресми баспасөз органы болған екі ғана газет жарық көрген еді. Олар Ташкент қаласында жарық көрген «Туркестанские ведомости» газетінің қазақ тіліндегі аудармасы «Түркістан уалаятының газетасы» (1870–1882) болса, екіншісі Омбы қаласында жарық көрген «Дала уалаятының газетасы» (1888–1902) болатын. Ал Орал қаласында жарық көрген «Қазақстан» (1911–1913) газеті, Троицк қаласындағы «Айқап» (1911–1915) журналы, Орынбор қаласындағы «Қазақ» (1913–1918) газеттері биресми бұқаралық ақпарат құралдары болғандықтан ол басылымдарда жер, тіл, дін, гендерлік саясат сияқты жергілікті тұрғындарды толғандырған мәселелер ғана көтеріліп, билік органдарының идеологиясына балама саясат ұстанғаны мәлім. Сол себептен билік тарапынан қатаң цензуралық қадағалауда болған ол басылымдарға айыппұл салу, баспахананы уақытша жауып қою сияқты шаралар қолданылған. Міне, осы себептермен аталған басылымдар ресми билікке наразы позиция ұстанды.

1913 ж. «Қазақ» газетінің 2 ақпандағы алғашқы санында (Патшаның тойы, 1913) ешқандай патетикасыз 12 ақпандағы басталатын тойда патша тарапынан жарияланатын манифест туралы қысқа ғана мағлұмат берілген. Ал осы газет 1 наурыздағы санында Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығының тарихын қысқаша баяндап, Ресей патшаларының бұрыннан келе жатқан дәстүрі бойынша қабылданған патша манифесінің «қазаққа жанасарлығы барларын» теріп жазады (28 феурал, 1913).

«Қазақ» газеті тойға барған Бұхара әмірі «Царское селода» императордың қабылдауында болып, салтанатты банкетке қатысқандығын жазады (Патша хазіреті жанында Бұхара әмірі, 1913). Сонымен бірге қысқа хабарларда Ташкент қалалық думасының мүшесі Кәрім Әзімбаевтың Петербургтегі Романов әулетінің 300 жылдық тойына арнап салынатын шіркеу құрылысына 500 сом қосқандығын, бакулік миллионер Мұса Тагиев мұсылмандарға арнап 300 мың сомдық ғимарат салдырғандығын, Бакуде реальный училище салуға жиырма бес мың сом бөлгендігін жазады. Сонымен бірге Санкт-Петербургте салынатын ауруханаға мұсылман әйелдері үшін 50 кровать бөлінетін болса, оған да үш жүз мың сом бермек болғандығын хабарлайды. Санкт-Петербургтегі патша тойына қазақ жерімен көрші Хиуа ханының да барғандығы жөнінде хабарлама басылған (Хиуа ханы, 1913).

Ақтөбе қаласында 21 февраль күні қала мұсылмандары мен игі жақсылары мешітте жиын өткізгендігін. Жиынға Торғай облысының губернаторы Эверсманнның өзі қатысқан. Уезд бастығы патша манифесін таныстырған, уездік мешіттің имамы Саид Алуков аудармашылық жасаған. Мешіт имамы Әмір хазрет халыққа манифесттің жайын түсіндіріп, Романовтар әулетінің тарихынан насихат айтады. Жиын соңында қала мұсылмандары патша ағзамға ықылыстарын білдірген құжаты губернаторға тапсырылған. Сол сияқты осы күні қазақ депутаттары юбилейді атап өте отырып, 1) болыс сайын 4 жылдық орыс-мұсылман мектептерін ашу. Әуелгі екі жылда мұсылманша оқытып, қалған жылдарында орысша-мұсылманша бірге оқытылсын. 2) дін істерін Орынбор муфтилігіне тапсыру; 3) Торғай облысынан Думаға депутаттар сайлансын; 4) Жерді ең алдымен жергілікті тұрғындарға, сосын барып переселендерге берілсін деген төрт тілегін патша құзырына жеткізулерін өтінген (300 жылдық, 1913). Депутаттар көтерген осы төрт мәселе де сол кезде күн тәртібінде тұрған аса өткір саяси мәселелерге айналған болатын. Жер мәселесіне қатысты қазақ ұлттық баспасөзінің бірі «Қазақстан» газеті редакциялық мақаласында Жер істері министрлігінің жылдық сметасына сілтеме жасай отырып, 1913 ж. переселендердің пайдасына Торғай облысынан 135 мың, Ақмола облысынан 125 мың, Семей облысынан 50 мың, Жетісу облысынан 40 мың, Сырдария және Ферғана облыстарынан 95 мың десятина жер кесіп алынатындығы хабарланған (Отырықшы..., 1913). Тәуелсіздік жылдары жарық көрген Қазақстан тарихының академиялық басылымында «1893–1905 жылдарда далалық облыстарда 4 074 180 десятина, оның ішінде Ақмола қоныстандыру ауданында – 255 002 десятина, Семейде – 499 566 десятина, Торғай-Орал ауданында – 1 024 412 десятина жер тартып алынды» (Қазақстан тарихы, 2002: 595) деп нақты көрсетілген. Демек, Романов әулетінің 300 жылдық тойын атап өту барысында қазақ зиялыларының патша өкіметінің жасайтын жақсылықтары қатарында жер мәселесін реттеуден үміт еткендігі аңғарылады.

Сондай әрекеттердің бірін Орал қаласы қазақтары патша әулетінің юбилейіне құтты болсын айтып, император II Николайға қоныстануды тоқтатып, алдымен қазақтарды жерге орналастыру; Мемлекеттік думаға қазақ халқынан депутат сайлау; қазақтарға жеке мүфтилік сайлауға рұқсат беру туралы тілектері жазылған телеграмма жолдауынан (Ішкі хабарлар, 1913) көреміз.

Патша әулетінің 300 жылдық юбилейінің қазақ жерінде ерекше дүмпумен атап өтілуінің бір мысалынуездік қала Перовскідегі шаралардан көреміз. Қалада 12 февраль күні уезд бастығы жиын өткізіп, губернатордан келген патша ағзамның юбилейге халықтың шын ниетпен қолдағанына ризашылығын білдірген жеделхатын таныстырған. Түстен кейін юбилейдің құрметіне ұлттық спорт ойындары ұйымдастырылып, жарысқа қатысушыларға сый-сыяпат үлестірілген. Басығариннің осы қысқа хабарында өткен жылдың күзінде юбилей шаралары аясында Петербургтегі жоғары мектепте оқитын 2 қазақ студентке стипендия ашу туралы қаулы қабылданғандығы айтылады (Юсуф Басығарин, 1913). Бұл деректер қазақ зиялылары да Еділбойындағы халықтар сияқты Романовтар әулетінің 300 жылдық мерекесін елде қалыптасқан күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудің жолы ретінде пайдалануға ұмтылғандығын аңғартады. «Қазақ» газетінде татар тіліндегі «Куяш», «Вахт» газеттерінің юбилейге қатысты хабарларын көшіріп жарияланған.

Орал облысының Троицк қаласында И. Буриннің редакторлығымен шығып тұрған «Қазақстан» газеті де Бүкілресейлік көлемде атап өтіліп жатқан шараны насихаттаудан шет қалмады. Романов әулеті билігінің юбилейіне арналған мақалада «Романов әулеті отан алдындағы борышынан құтылды. Романов әулетінің отанға еткен қызметінің қадірін білу бүтін Россияның борышы» деген баға берілген. «Біз қазақ халқы да ақ патшаның бір баласымыз... Бұл той жұрт қуанатын һәм жұртты қуантатын той» дей келіп Романов әулетін ұлықтап, біз де бір жақсылық іс жасалық дей отырып, өзгелер юбилей құрметіне гимназия ашып, стипендия тағайындап, патшаларға ескерткіштер қойып жатыр, ал біз не істейміз» деп газет оқырмандарына сауал тастайды (Роман ..., 1913). Газеттің осы санында қазақ даласынан тыс Воронеж, Псков, Витебск, Қазан қалаларында юбилейдің атап өтуге дайындығы жөнінде хабарлар берілген.

Қазақстанда осы тақырыпқа кеңестік идеология тиым салғандықтан да юбилейге арнайы барған қазақ депутациялары туралы зерттеулер жүргізілмеді. Өкінішке орай, қазақ баспасөздерінде мерейтойлық шараға арнайы барған тұлғалар жайлы деректер барынша аз кездеседі, ал архив қорларында мерейтойға қатысты тарихи құжаттар сақталған. Жетісу облысының Верный уезінен Ұзынағаш

болысының басқарушысы Қиябай Сарыбаев, Жайылмыш (Жаилмишский) болысынан Зият Ниязбеков, Шығыс Талғар (Восточно-Талгарский) болысынан Талдыбай Бектұров, Қарасу болысынан Жамалетдин Жалилевтер Санкт-Петербургке өз қаражаттарымен барған. Оларды Әскери губернатор қатан сүзгіден өткізгендігін уезд бастығының «Все поименованные волостные управители безупречной нравственности и безукоризненного поведения» (ҚРОМА. 44-қ. 1-т. 4283-іс. 91–91-пп.) деген кепілдемесі айғақтайды. Санкт-Петербургке патша әулетінің тойына барған Қостанай уезі Қарабалық болысының басқарушысы Сойым Нысанбайұлы Қыдыровтың (Юбилей, 1913) ел ішінде беделді тұлға болғандығына қарамастан қазақтың классик жазушысы С. Мұқанов «Ботагөз» романында Итбай болыс деген атпен оның мүлдем жеккөрінішті тұлғасын қалыптастырды. Санкт-Петербургке баруға сайланған Жетісу облысының Қапал уезінен Құдайберген Тұрысбекұлы Маманов 13 январьда уезд бастығын, приставты, бірнеше офицерді, солармен бірге қазақ арасында танымал юрист Барлыбек Сырттанов пен Көлбай Төлеңгітовтерге қонақасы берген (Кәшимов, 1913: 68). Қ. Маманов Жетісуға танымал қазақ меценаты еді. Қапал қаласында өз атында «Мамания» медресесін ашумен бірге «Айқап» журналы арқылы алғашқы қазақ романына бәйге жариялаған.

«Айқап» журналында юбилей тақырыбында жарияланған мақалалардың бірінде Россия жұртшылығы юбилейді атап өтуге дайындық барысында «әртүрлі мұң-мұқтаждарын өтініп сұрауға әзірленіп жатыр, әр облыстан, әр болыстан тойға өкілдер жіберіп, біз де тойды пайдаланып қалайық» (Ибрагимов, 1913: 45),- деп жазды.

Осы ойды журналдың келесі санында редакция басқармасы атынан жазылған мақалада (Юбилей туралы, 1913: 68) тойға барған делегацияның патша ағзамнан сұрайтын талап-тілектері нақтыланады. Ол тілектер: Государственный думаға қазақтардан депутат сайлау; переселенениені тоқату; қоныстанушылардан артылған жерлерді мал жайылымы үшін қазақтардың пайдалануына беру; переселендермен бірге қазақтарға да малшаруашылығын дамытуға көмек жасау; қазынадан сатылатын жерлерді сатып алуға мұжықтар, дворяндармен бірге қазақтарға да мүмкіндік беру; дін, мектеп, медреселер ашу, народный сот жүйесін өзгерту болып белгіленген. Осы аталған тілектерді Орал облысынан Бақытжан Қаратаев және Әндіжан Жұбанышовтың телеграмма арқылы жібермекші екендігін, дұрысы талап-тілекті қолдап тапсыру екендігіне тоқталады.

Юбилейді лайықты атап өтуге дайындық шаралары қатарында императорға арнап кітаптар жазып, сыйға тарту фактілері де назар аударуға лайық. Сондай шаралардың бірі билеуші әулеттің туған жері костромалықтар тарапынан жасалған екен. «Депутация от Дирекции народных училищ Костромской губернии, во главе с директором народных училищ, действительным статским советником И.П. Виноградовым, имела счастье поднести Его Императорскому Величеству Государю Императору «Краткий очерк развития народного образования в Костромской губернии». Книга эта была написана специально к знаменательным дням юбилея трехсотлетия благополучного царствования Дома Романовых» (Горохова, 2009: 102).

Ресей империясының орталығында кеңінен атап өтілген Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығы империяға Қазақстан мен Орта Азия аймағында қоғамдық пікір үшін үлкен саяси резонанс туғыза қоймады. Бізге қазақ жерінде Романовтар әулеті билігінің 300 жылдығына арнайы кітап дайындаудың бір ғана мысалы белгілі. Ол кітапты көпшілікке таныстыру мақсатында «Айқап» журналы мақала жариялаған (Русия патшалығында Романов нәсілінен, 1913: 150). Қазақ шығармашылық интеллигенциясының өкілдері арасынан Қоңырқожа Қожықов (1880–1938), Әлиасқар Қасымов, Сұлтан Шәді Жәңгіровтер (1835–1933) «Русия патшалығында Романов нәсілінен хукірманлық қылған патшалар тарихлары» (История поэма, 1912) кітабын жазып, сыйға тартқандығы айтылады.

Кітап авторлары дәстүрлі этноэлита өкілдері болатын. Қоңырқожа Қожықовтың аталары қазақ құрамындағы діни «ақсүйек» әулеттің өкілі еді. Ташкент қаласындағы Түркістан мұғалімдер семинариясын бітірген народный учитель ретінде Перовск, Түркістан, Черняев (Шымкент), Андижан уездерінде орыс-бұратана мектептерін ашып, 1912 ж. Орынбор қаласында жәдиттік үлгіде қазақ әліпбесін жариялаған (Ходжиков и др., 1912). Жәдиттік білім беру жүйесінің негізін қалаған И. Гаспринскиймен тығыз араласқандығына оның «Мартабалу бұйук устазымыз Исмағилбек Гаспиринскийға чығаручы тарафиндин хадийа. 12 февраль 13 йылда. Шаһар Туркістан» (Сеитмететова, 2016: 40) деген қолтаңбасымен әліппе кітабын сыйға тартқандығы аңғартады. Кітап жазылған кезде ол

Түркістан қаласы жанындағы Қарнақ қышлағында орыс-қазақ мектебінің меңгерушісі болып қызмет істеген.

Екінші автор Әлиасқар Илкеевич Қасымов өзі туралы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың Ералы деген баласының ұрпағы екендігін жазады. Е. Қасымов 1847 ж. Жанқожа батырмен одақтас болып қоқандықтарға қарсы шықса, 1849 ж. Хиуа хандығына қызмет жасаған (ҚР ОМА. 4-қ. 1-т. 3537-іс. 15–16-пп.). Ал зерттеуші, подполковник А.И. Макшеев Жанқожа батырды өлтірген Елекей Қасымов екендігін жазады (Макшеев, 1890: 75). Бұл екеуі де орыс тілінде білім алған, Ресей тарихынан хабары мол зиялылар еді.

Ал үшінші автор Шәді Жәңгіров Абылай ханның тікелей ұрпағы болып келеді. Ол Қарнақ, Шаян және Бұқарадағы Көкілташ медреселерінде білім алып, араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгерген қазақтың жазба ақындарының бірі. Оның шығыс желісімен жазылған діни және лирикалық поэмалары Ташкент қаласында Ғ.К. Карипжановтың баспасында кітап болып жарық көрген.

Қ. Қожықовқа осы кітабы кеңестік билік кезінде саяси айып болып тағылды. Т. Рысқұлов И. Сталинге жазған құпияхаттарында «Садық Өтегенов (1913 жылы Петербургке Романовтардың мерейтойын тойлауға барған монархисттік ағымның құрметті ақсақалы) және басқа да соған ұқсаған көптеген адамдар, соның ішінде жоғарыда аталған Қожықов бар (ол Романовтардың 300-жылдығына патшаның портретін қойып қырғыз тілінде кітапша жазған), әрине, Коммунистік партиямен ешқандай ортақтығы жоқ және шексіз зиянды» (РМӨСТА. 17-қ. 85-т. 77-іс. 223-п.) деп оларды саяси-идеологиялық жұмыстардан шеттетуді ұсынады.

Соған байланысты Қ. Қожықов «Әкімшілікке қайтсем жағам деген оймен Романовтардың үйі жайында қазақ тілінде еңбек жаздым... Бұл еңбекте қазақ халқының патшаға бағынуы насихатталған еді. Бірақ мұнымен мен әкімшілік орнының ықыласын өзіме аудара алмадым...» (Бәкірұлы, 2007: 339) деп өкініш білдіреді 1934 жылғы тергеу кезінде.

«Боже, царя храни» өлеңімен (*өлеңді тәржімалаған Қ. Қожықов – авт.*) басталған тарихи жыр Романовтар әулеті билікке келген 1613 жылдан бастап ІІ Николайға дейінгі аралықтағы тарихи оқиғаларды жырмен баян қылады. Ресей билеуші әулетінің тарихы арқылы елдегі орын алған тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қарапайым адамдарға түсінікті тілмен жырлаған авторлардың мақсаты бұқара халықты Ресей тарихымен таныстыру болған. «Романовтар» дастанында басталуы мен аяқталуы бар оқиғалық кешендер бір-бірінен тәуелсіз түрде өрбиді де уақыттық реттілігімен беріледі. Авторлар Романовтар әулетінің билікке келуінен император ІІ Николайға дейінгі аралықтағы Ресей билеушілерінің қазақ жерінде іске асырған өзгерістерін өлең тілімен баяндайды. 1822–1824 жж. Орынбор және Сібір қазақтары туралы Жарғыдан бастап қазақ жерінде іске асырылған саяси-әкімшілік реформаларды барынша тәптіштеп жазады. Император ІІ Александрдың кезінде 1867–1868 жж. жүргізілген әкімшілік-территориялық реформалардың барысы, уездік қалаларда қазақ балаларына арналған мектептер мен училищелер, Орынбор қаласында мұғалімдер семинариясының ашылуы сияқты жаңалықтар үлкен шабытпен жырланады. Әсіресе, қазақ жерінің оңтүстік аймағының Ресей иелігіне өтуі кезіндегі тарихи оқиғаларды авторлар жақсы білгендіктен де ол оқиғалар барынша дәлдікпен жазылған. Кітаптың негізгі желісін мектептерде оқытылатын Ресейдің ресми тарихының мазмұны құрағанымен авторлардың ол тарихты тікелей қазақ жеріндегі оқиғалармен байланыстыруы сол кезең үшін жаңалық болатын.

Қазақ жерінде кең қанат жайған мұсылман мектептерінде қалыптасқан дәстүр бойынша Мұхамед пайғамбардың өмірбаяны, ислам дінінің таралуы туралы өлеңмен жазылған кітаптар қоғамтану бағытындағы оқулықтар ретінде қолданылған. Авторлардың көздеген мақсаты бойынша «Романов әулеті» кітабы да осы үлгіде жазылғандықтан қазақ мектептерінде Ресей тарихының оқулығы ретінде қолданылуы тиіс болатын.

Қорытынды

Сонымен, дәстүрлі қазақ тарихи жадында орныққан биліктің киелілігі ұғымы қоғамды біріктіруші, мемлекеттің тұтастығын сақтаушы қоғамдық-саяси факторға айналған еді. XVIII ғ. бас кезінен сыртқы күштердің үздіксіз шабуылынан және орталық биліктің саяси бытыраңқылық жағдайынан қазақ қоғамында биліктің десакрализация процесі белең алды. Ресей империясының әскери-саяси және экономикалық модернизациясы барысында саяси құндылықтар өзгеріске түсті.

XIX ғ. екінші жартысында қазақ жерін тұтастай империя құрамына қосып алған Ресейдің жергілікті билік құрылымдары биліктің киелілігі атрибуттарын сақтап, оны қоғамдық санада жаңғыртуды көздеді. Романовтар әулеті билігінің 300 жылдық юбилейін бүкілхалықтық деңгейде атап өту осы мақсатқа қызмет етті. Бұл мақсатты іске асыруға бұқаралық ақпарат құралдары жұмылдырылып, шығармашыл интеллигенция өкілдері тартылғанымен саяси-көпшілік шаралар күткен нәтиже бере қойған жоқ. Дәстүрлі қазақ қоғамын модернизациялаудағы отарлық биліктің қалыптастырған әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени мәселелерін саяси тәсілдермен реттеуге ұмтылған ұлт зиялыларының күткен үміті ақталмады. Император II Николайдың юбилейге қатысты жариялаған манифесінде аталған проблемалардың ескерілмеуі және оның атына жолданған талап-тілектердің орындалмауы билеушіге деген халық сенімін азайтып, кейінгі кезде отарлық билікке қарсы шығудың дәлелдерінің біріне айналды.

Sources

GAOO — State Archive of Orenburg region
 KROMA — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
 RGASPI — Russian State Archive of Social and Political History
 RGIA — Russian State Historical Archive

Дереккөздер

ООМА — Орынбор облыстық мемлекеттік архиві
 ҚРОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
 РМЭСТА — Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві
 РМТА — Ресей мемлекеттік тарихи архиві

Әдебиеттер

- Атабаев, 2000 — *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі (1870–1918). Алматы: Қазақ университеті, 2000. 358 б.
- Ахмеров, 2004 — *Ахмеров Н.* Тукай по-русский. Татарский мир, 2004. № 6. Режим доступа: <http://www.tatworld.ru/article.shtml?article=534§ion=0&heading=0>
- Басығарин, 1913 — *Басығарин Ю.* Перовск // «Қазақ» газеті. 1913. 1 март.
- Бәкірұлы, 2007 — *Бәкірұлы Ә.* Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы. М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т. 3. Алматы: Қайнар, 2007. 384 б.
- Горохова, 2009 — *Горохова О.В.* Книжные подношения костромичей высочайшим особам II Романовские чтения. Центр и провинция в системе российской государственности: материалы конференции. Кострома, 26-27 марта 2009 года. Сост. и науч. ред. А.М. Белов, А.В. Новиков. Кострома: КГУ им. Н.А. Некрасова, 2009. 260 с.
- Муканова и др., 2022 — *Муканова Г.К., Абешева О.Т., Жуматай С., Батырханова Ж.А.* Волонтерство от культуры, или воспитание благотворительности через искусство у учащейся мусульманской молодежи в Российском Туркестане, рубеж XIX–XX веков. // *Vylye Gady.* 2022. No. 17(2). Pp. 824–833 DOI: <https://doi.org/10.13187/bg.2022.2.824>
- Ішкі хабарлар, 1913 — *Ішкі хабарлар* // «Қазақстан» газеті. 1913. 16 февраль. № 2. Ибрагимов, 1913 — *Ибрагимов Ш.* Ибрагимов Шахмардан 300 жылдық той туралы // Айқап. 1913. № 2. 45 б.
- Известия, 1936 — Известия АН СССР. Отдел общественных наук. М.: Издательство АН СССР, 1936. № 3. С. 526–527.
- Ходжиков и др., 1912 — *Ходжиков К.Х., Касымов А.А., Джангиров С.Ш.* История поэма царствования Дома Романовых на киргизском языке. Оренбург: Типография т-в Каримов, Хусаинов и К., 1912. 102 с.
- Казанско-татарские, 1913 — *Казанско-татарские* газеты за февраль месяц 1913 года. Обзор текущей инородческой литературы. Книга 3-я (июнь). Инородческое Обозрение, 1913. 213 с.
- Кәшимов, 1913 — *Кәшимов М.* Қапал уезінен. Айқап. 1913. № 3. 68 б.
- Кундакбаева, 2005 — *Кундакбаева Ж.Б.* «Знаком милости Е. И. В....» Россия и народы Северного

- Прикаспия в XVIII веке. Серия «АИРО-монография». М.: АИРО-XXI; СПб.: Дмитрий Буланин, 2005. 304 с.
- Қазақстан тарихы, 2002 — *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.
- История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В пяти томах. Т. 3. Алматы: Атамұра, 2002. 678 с.
- Оспанұлы, 2005 — *Оспанұлы Ә. Майлықожа. Шығармалары*. Алматы: Атамұра. 2005. 864 б.
- Оспанұлы, 2008 — *Оспанұлы Ә. Мәделіқожа өлеңдер, зерттеулер*. Алматы: Полиграфкомбинат, 2008. 400 б.
- Макшеев. 1890 — *Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских*. СПб.: Военная типография, 1890. 370 с.
- Мусульманская печать, 1912 — *Мусульманская печать*. Оренбургский край. 1912. 14 июля. № 155.
- Отырықшы ..., 1913 — *Отырықшы болатын қазақтарға кесіп берілетін жерлердің есебі* // «Қазақстан» газеті. 1913. 16 ақпан. № 2.
- Патшаның тойы, 1913. — *Патшаның тойы* // «Қазақ» газеті. 1913. 2 февраль.
- Патша хазіреті жанында Бұқара әмірі, 1913 — *Патша хазіреті жанында Бұқара әмірі* // «Қазақ» газеті. 1913. 1 март.
- Роман ..., 1913 — *Роман сойының үзілмей үш жүз жыл патша болып келгені хақында* // «Қазақстан» газеті. 27 январь. 1913.
- Русия патшалығында Романов нәсілінен, 1913 — *Русия патшалығында Романов нәсілінен хукіманлық қылған патшалар тарихлары һәм Ақтабан шұбырыншылық заманынан бері қарайғы қазақ халқының ахуалы*. Айқап. 1913. № 3. 150 б.
- Сеитмететова, 2016 — *Сеитмететова С.А. Книги и брошюры из фондов КРУ БИКЗ с автографами и дарственными надписями, адресованные Исмаилу Гаспринскому. От религиозного реформаторства к европеизации культуры мусульман. К 155-летию со дня рождения Исмаила Гаспринского. Сборник статей*. Ред. сост. З.А. Имамутдинова. М.: ГИИ, 2016. С. 34–53
- Сұбханбердина, 1999 — *Сұбханбердина Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш*. Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 1999. 834 б.
- Трепавлов, 2017 — *Трепавлов В.В. Белый царь. Образ монарха и представления о подданстве у народов России XV–XVIII вв.* СПб.: Издательство Олега Абышко, 2017. 320 с.
- Шымкент оязына қараған..., 1879 — *Шымкент оязына қараған* Мәделіқожа деген ақынның Сырдария облысының уаенный гүбірнаторы Қалауашевтың Хиуаға барғаны тақырыпта шығарған өлеңі. «Түркістан уалаяты» газеті. 1879. № 17, 18, 19.
- Хиуа ханы, 1913 — *Хиуа ханы*. «Қазақстан» газеті. 1913. 16 февраль. № 2.
- Ходжиков, 1912 — *Ходжиков Конгыр-Ходжа*. Букварь для киргизских школ в Туркестанском крае. Оренбург: Каримов, Хусейнов уа ширкасы, 1912. 96 с.
- Юбилей, 1913 — Юбилей туралы. Айқап. 1913. № 2. 25–26 бб. № 3. 49–54 бб.
- 300 жылдық, 1913 — *300 жылдық юбилей*. «Қазақ» газеті. 1913. 1 март. 28 феурал, 1913. // «Қазақ» газеті. 1913. 1 март.
- Tursun et al., 2022 — *Tursun Kh., Idrisova G., Dzhunsheev R., Dzhursunbaev B., Musabekova G. Transformation of Traditional Kazakh Society. Migration Letters, 2022. 29 September. DOI: <https://doi.org/10.33182/ml.v19i5.2358>*

References

- Atabayev, 2000 — *Atabayev Q. Qazaq baspasozy Qazaqstan tarikhynyn derekkkozi (1870–1918)* [Kazakh Press as a source on the history of Kazakhstan (1870–1918)]. Almaty: Qazaq universiteti, 2000. 358 p. (In Kaz.)
- Akhmerov, 2004 — *Akhmerov N. Tukay po-russkii. Tatarskiy mir* [Tukay in Russian. Tatar World]. 2004. No. 6. Access mode: <http://www.tatworld.ru/article.shtml?article=534&ion=0&heading=0> (In Russ.)
- Bakiruly, 2007 — *Bakiruly. Mustafa Shokay auletin qyngy ushyrau* [The exile of Mustafa Shokay dynasty]. M. Shoqay. Tandamaly shygarmalar. Ushtomdyq. Vol. 3. Almaty: «Qaynar», 2007. 384 p. (In Kaz.)
- Basygarin, 1913 — *Basygarin Yu. Perovsk* [Perovsk] "Qazaq" gazety. 1913. 1 March. (In Kaz.)

Gorokhova, 2009 — *Gorokhova O.V.* Knizhnyye podnosheniya kostromichey vysochayshim osobam II Romanovskiye chteniya. Tsentr i provintsiya v sisteme rossiyskoy gosudarstvennosti: materialy konferentsii [Book offerings of Kostroma to the highest personages II Romanov readings. Center and province in the system of Russian statehood: conference materials]. Kostroma. March 26-27, 2009. Comp. and Academic Ed. Belov A.M. Novikov A.V. Kostroma: N.A. Nekrasov KSU, 2009. 260. (In Russ.)

Mukanova, 2022 — *Mukanova G.K., Abisheva O.T., Zhumatai S., Batyrhanova Zh.A.* Volonterstva ot kultury ili vospitanie blagotvoritelnosti cherez iskustvo u uchashesia musulmanskoj molodezhi v Rossiskom Turkestane, rubezh XIX–XX vekov [Volunteering from culture, or fostering charity through art among Muslim youth students in Russian Turkestan, the turn of the 19th–20th centuries]. *Bylye Gody*. 2022. No. 17(2). Pp. 824–833. DOI: <https://doi.org/10.13187/bg.2022.2.824> (In Russ.)

Ishki khabarlar, 1913 — *Ishki khabarlar* [Internal messages]. "Qazaqstan" gazety. 1913. February 16. No. 2. (In Kaz.)

Ibragimov, 1913 — *Ibragimov Sh.* Ibragimov Shakhimardan 300 zhyldyq toy turaly [About the 300th anniversary of Ibragimov Shakhimardan]. *Ayqap*. 1913. No. 2. 45 p. (In Kaz.)

Izvestiya, 1936 — *Izvestiya Akademii Nauk SSSR* [Proceedings of the USSR Academy of Sciences]. Moscow: Publishing House of the USSR Academy of Sciences, 1936. No. 2. Pp. 526–527. (In Russ.)

Khodzhikov et al., 1912 — *Khodzhikov K.Kh., Kasymov A.A., Dzhangiurov S.Sh.* Istoriya poema tsarstvovaniya Doma Romanovykh na kirgizskom yazyke [The history of the poem of the reign of the House of Romanov in the Kirghiz language]. Orenburg: Printing house of Karimov, Khusainov & Co., 1912. 102 p. (In Kaz.)

Kazansko-tatarskiye gazety ..., 1913 — *Kazansko-tatarskiye gazety za fevral mesyats 1913 goda*. Obzor tekushchey inorodcheskoy literatury. [Kazan-Tatar newspapers for the month of February 1913. Review of current foreign literature]. *Inorodcheskoye Obozreniye*. Book 3 (June). 1913. 213 p. (In Russ.)

Kashimov, 1913 — *Kashimov M.* Qapal uyezinen [Kapal County]. *Ayqap*. 1913. No. 3. 68 p. (In Kaz.)

Khiua khany, 1913 — *Khiua khany* [Khiva Khan]. "Qazaqstan" gazety. 1913. 16 February. No. 2. (In Kaz.)

Khodzhikov, 1921 — *Khodzhikov Kongyr-Khodzha*. Bukvar dlya kirgizskikh shkol v Turkestanskom kraye [A primer for Kirghiz schools in the Turkestan region]. Orenburg: Karimov, Husseinov ua shirkasy. 1912. 96 p. (In Kaz.)

Kundakbayeva, 2005 — *Kundakbayeva Zh.B.* «Znakom milosti E. I. V...» Rossiya i narody Severnogo Prikaspiya v XVIII veke ["The sign of grace of H.I.H... " Russia and the peoples of the Northern Caspian in the XVIII century.]. Seriya «AIRO-monografiya». Moscow: AIRO-XX1; Saint-Petersburg: Dmitry Bulanin, 2005. 304 p. (In Russ.)

Istoriya Kazakhstana s drevneyshikh vremen do nashikh dney. V pyati tomakh [The history of Kazakhstan from ancient times to the present day. In five volumes]. Almaty: Atamura, 2002. 678 p. (In Russ.)

Maksheyev, 1890 — *Maksheyev A.I.* Istoricheskiy obzor Turkestana i nastupatel'nogo dvizheniya v nego russkikh [Historical overview of Turkestan and the offensive movement of Russians into it]. Saint-Petersburg: Military printing house, 1890. 370 p. (In Russ.)

Musulmanskaya pechat, 1912 — *Musulmanskaya pechat* [Muslim press]. Orenburgskiy kray. 1912. 14 July. No. 155. (In Russ.)

Ospanuly, 2005 — *Ospanuly A.* Maylyqozha. Shigarmalari. [Maylykoja. Works.]. Almaty: Atamura, 2005. 864 p. (In Kaz.)

Ospanuly, 2008 — *Ospanuly A.* Madelihoja olender, zerttwewler [Poems, research by Madelihoja]. Almaty: Poligrafkombinat, 2008. 400 p. (In Kaz.)

Otyryqshy bolatyn qazaqtarga kesip beriletin zherlerdin esebi, 1913 — *Otyryqshy bolatyn qazaqtarga kesip beriletin zherlerdin esebi* [Report on the land for the settled Kazakhs]. "Qazaqstan" gazety. 16 February 1913. No. 2. (In Kaz.)

Patshanyn toy, 1913 — *Patshanyn toy* [King's celebration]. "Qazaq" gazety. 1913. 2 February. (In Kaz.)

Patsha khazireti zhanynda Buqara Amiri, 1913 — *Patsha khazireti zhanynda Buqara Amiri* [The Emir of Bukhara near the King's Hazrat]. "Qazaq" gazety. 1913. 1 March. (In Kaz.)

Qazaqstan tarikhy, 2000 — *Qazaqstan tarikhy* (kone zamannan buginge deyin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. Five volumes. Vol. 3. Almaty: Atamura, 2002. 768 p. (In Kaz.)

Roman soyynyn uzilmey ush zhuz zhyl patsha bolyp kelgeni khaqynda, 1913 — *Roman soyynyn uzilmey ushzhuz zhyl patsha bolyp kelgeni khaqynda* [It is true that Romanovs slaughter has been king for three hundred years without interruption]. "Qazaqstan" gazety. 1913. 27 January. (In Kaz.)

Rusiya patshalygynda Romanov nasilinen, 1913 — *Rusiya patshalygynda Romanov nasilinen khukimranlyq qylgan patshalar tarikhlary ham Aqtaban shubyrynshylyq zamanyndan beri qaraygy Qazaq khalqynyn akhualy* [The history of the tsars of the Romanov dynasty in the kingdom of Russia and the state of the Kazakh people since the time of the Aktaban shubyrynshyk]. Ayqap. 1913. No. 3. 150 p. (In Kaz.)

Seitmetmetova, 2016 — *Seitmetmetova S.A.* Knigi i broshyury iz fondov KRU BIKZ s avtografami i darstvennyimi nadpisyami. Adresovannyye Ismailu Gasprinskomu. Ot religioznogo reformatorstva k evropeizatsii kultury musulman [Books and pamphlets from the funds of KRU BIKZ with autographs and gift inscriptions addressed to Ismail Gasprinsky. From religious reformation to the Europeanization of Muslim culture]. K 155-letiyu so dnya rozhdeniya Ismaila Gasprinskogo. Sbornik statey. Ed.-Comp. Z.A. Imamutdinova. Moscow: GII, 2016. Pp. 34–53 (In Russ.)

Subkhanberdina, 1999 — *Subkhanberdina* Qazaq khalqynyn atamuralary: Mazmundalghan bibliografiyalq korsetkish [Atamura of the Kazakh people: a bibliographic index]. Almaty: Central Scientific Library, 1999. 834 p. (In Kaz.)

Trepavlov, 2017 — *Trepavlov V.V.* "Belyy tsar". Obraz monarkha i predstavleniya o poddanstve u narodov Rossii XV–XVIII vv. ["The White Tsar". The image of the monarch and the idea of citizenship among the peoples of Russia XV–XVIII centuries]. Saint-Petersburg: Oleg Abyshko Publishing House, 2017. 320 p. (In Kaz.)

Turkistan ualayaty gazeti, 1879 — *Shymkent oyazyna qaragan* Madeli Qozha degen aqynnyn Syrdariya oblysynyn uayennyy gubernatory Kalauashevtyn Khiuaga bargany taqyrypta shygargan oleni [A poem by a poet named Madelikozha, who looked at the Shymkent uezd, was published on the topic of visiting Khiva by Kalauashev, military governor of the Syrdarya region]. Turkestan ualayaty newspaper, 1879. No. 17, 18, 19. (In Kaz.)

Tursun et al., 2022 — *Tursun Kh., Idrisova G., Dzhunsheev R., Dzhursunbaev B., Musabekova G.* Transformation of Traditional Kazakh Society. Migration Letters, 2022. 29 September. DOI: <https://doi.org/10.33182/ml.v19i5.2358> (In Eng.)

Yubiley, 1913 — *Yubiley turaly* [About the Jubilee]. Ayqap. 1913. No. 2. Pp. 25–26; No. 3. Pp. 49–54. (In Kaz.)

28 feural, 1913 — *28 feural* [February 28]. "Qazaq" gazety. 1913. 1 March. (In Kaz.)

300 zhyldyq, 1913 — *300 zhyldyq yubiley* [The 300th anniversary]. "Qazaq" gazety. 1913. 1 March. (In Kaz.)

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

| | |
|---|-----|
| Абылхожин Ж.Б. 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ӘДІСНАМАНЫҢ ЭТАЛОНДЫҚ-НОРМАТИВТІК СТЕРЕОТИПТЕРІНЕ СЫНИ ТАЛДАУ..... | 424 |
| Андреев С.Н. КЕҢЕСТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ 1954 Ж. ТЫҢ НАУҚАН..... | 439 |
| Панто Д., Калыбекова М. ХАЛЫҚТАРДЫ КҮШПЕН ДЕПОРТАЦИЯЛАУ КСРО ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПОЛЯКТАРЫ..... | 453 |

ТАРИХ

| | |
|---|-----|
| Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т. ЕДИГЕ БИДІҢ ҰЛЫҚ ҰЛЫС (АЛТЫН ОРДА) ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ..... | 464 |
| Берлібаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жұбанышов Б.Т. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АСТЫҚ, ЕТ ЖИНАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ..... | 479 |
| Гиде ван Каппель ПОЛ АНРИ САПАК СОҒЫС АРАСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢ: ҰЛТШЫЛЫҚ МЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ АРАСЫНДА..... | 495 |
| Ерменбаева Г.К., Нұрбаев Ж.Е., Сұлтанғазы Г.Ж. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНДЕГІ САЛЫҚТАР МЕН АЛЫМДАРДЫ ӨНДІРІП АЛУ ЖҮЙЕСІ..... | 504 |
| Капаева А.Т., Асанова С.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫН КЕҢЕЙТУ..... | 519 |
| Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР..... | 532 |
| Ноғайбаева М.С. АЛТЫН ОРДАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР..... | 543 |
| Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М. ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ..... | 556 |
| Стамшалов Е.И. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС Өңіріндегі қарулы босқыншылық: себеп-салдары..... | 570 |
| Түрсүн Х., Хакан Ас «АҚ ПАТША» РӘМІЗІ ЖӘНЕ РОМАНОВ ӘУЛЕТІ БИЛІГІНІҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДЕ..... | 585 |
| Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Марғұлан А. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ РЕТРОСПЕКТИВАСЫ..... | 599 |

АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|--|-----|
| Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р. 2022 ЖЫЛЫНДА АСПАРА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ..... | 611 |
| Жалаледин Ш.А. ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТТІК МҰРАСЫ (1980 ЖӘНЕ 2001 ЖЖ. ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕ)..... | 626 |

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

| | |
|--|-----|
| Абылхожин Ж.Б. КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭТАЛОННО-НОРМАТИВНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОЙ МЕТОДОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ НЕКОТОРЫХ ВОПРОСОВ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АУЛА 1920-Х ГГ..... | 424 |
| Андреев С.Н. ЦЕЛИННАЯ КАМПАНИЯ 1954 Г. В СОВЕТСКОЙ И СОВРЕМЕННОЙ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ..... | 439 |
| Панто Д., Калыбекова М. НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ КАК ИНСТРУМЕНТ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ СССР: ПОЛЯКИ КАЗАХСТАНА..... | 453 |

ИСТОРИЯ

| | |
|---|-----|
| Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т. РОЛЬ ЕДИГЕ БИ В ИСТОРИИ УЛУГ УЛУСА (ЗОЛОТОЙ ОРДЫ)..... | 464 |
| Берлибаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жубанышов Б.Т. ПОСЛЕДСТВИЯ ЗАГОТОВИТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ ЗЕРНА, МЯСА В 20-40-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА..... | 479 |
| Гиде ван Каппель ПОЛЬ АНРИ СПААК В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД: МЕЖДУ НАЦИОНАЛИЗМОМ И ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМОМ..... | 495 |
| Ерменбаева Г.К., Нурбаев Ж.Е., Султангазы Г.Ж. СИСТЕМА ВЗЫСКАНИЙ НАЛОГОВ И СБОРОВ В ОРЕНБУРГСКОМ КРАЕ В XIX ВЕКЕ..... | 504 |
| Капаева А.Т., Асанова С.А. ГОЛОД 1921–1923 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: РАСШИРЕНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО РАКУРСА..... | 519 |
| Козыбаева М.М. МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В БОРЬБЕ С ГОЛОДОМ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ 1920-Х ГГ..... | 532 |
| Ногайбаева М.С. ЭТНИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ..... | 543 |
| Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ ХХ ВВ..... | 556 |
| Стамшалов Е.И. ВООРУЖЕННОЕ БЕЖЕНСТВО В ЮГО-ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ..... | 570 |
| Турсун Х., Хакан Ас СИМВОЛ «БЕЛОГО ЦАРЯ» И 300-ЛЕТНИЕ ПРАВЛЕНИЯ ДОМА РОМАНОВЫХ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЕ..... | 585 |
| Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Маргулан А. РЕТРОСПЕКТИВА ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА..... | 599 |

АНТРОПОЛОГИЯ

| | |
|---|-----|
| Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р. НЕКОТОРЫЕ ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ГОРОДИЩЕ АСПАРА В 2022 Г..... | 611 |
| Жалаледин Ш.А. НАСЛЕДИЕ СТЕПНОГО ЗОДЧЕСТВА ТОРГАЙСКОЙ СТЕПИ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ 1980 И 2001 ГГ.)..... | 626 |

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abylkhozhin Zh.B.

CRITICAL ANALYSIS OF THE REFERENCE AND NORMATIVE STEREOTYPES OF THE SOVIET METHODOLOGY IN THE STUDY OF SOME ISSUES OF AUL SOCIO-ECONOMIC HISTORY IN THE 1920S.....424

Andrenkov S.N.

THE 1954 VIRGIN LANDS CAMPAIGN IN THE SOVIET AND MODERN RUSSIAN HISTORIOGRAPH.....439

Panto D., Kalybekova M.

FORCED DEPORTATION OF PEOPLES AS A TOOL OF THE NATIONAL POLITICS OF THE USSR: POLES OF KAZAKHSTAN.....453

HISTORY

Alpysbes M.A., Aleushinov F.T.

THE ROLE OF EDIGE BI IN THE HISTORY OF THE ULUG ULUS (THE GOLDEN HORDE).....464

Berlibaev E., Zhubanyshov B., Shamshidenova F.

CONSEQUENCES OF THE GRAIN AND MEAT PROCUREMENT CAMPAIGN IN THE 1920S-1940S.....479

Gide Van Cappe

PAUL HENRI SPAAK IN THE INTERBELLUM: BETWEEN NATIONALISM AND INTERNATIONALISM.....495

Yermenbayeva G.K., Nurbayev Zh.Ye., Sultangazy G.Zh.

THE SYSTEM OF COLLECTING TAXES AND FEES IN THE ORENBURG REGION IN THE 19TH CENTURY.....504

Kapayeva A.T., Asanova S.A.

THE FAMINE OF 1921–1922 IN KAZAKHSTAN: EXPANDING THE RESEARCH PERSPECTIVE.....519

Kozybayeva M.M.

INTERNATIONAL ORGANIZATIONS IN THE FIGHT AGAINST FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S.....532

Nogaibaeva M.S.

ETHNIC PROCESSES IN THE GOLDEN HORDE.....543

Sandybayeva A., Dinasheva L., Tastanbekov M.

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE CITY OF TURKESTAN (SECOND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES).....556

Stamshalov Y.I.

ARMED REFUGEES IN THE SOUTH-EASTERN REGION OF KAZAKHSTAN IN THE 1930S: CAUSE AND EFFECT.....570

Tursun Kh., Khakan As

THE SYMBOL OF THE "WHITE TSAR" AND THE 300TH ANNIVERSARY OF THE REIGN OF THE ROMANOV DYNASTY IN THE NATIONAL PRESS.....585

Ualtayeva A.S., Apendiyev T.A., Margulan A.

RETROSPECTIVE OF THE URBAN POPULATION OF KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S.....599

ANTHROPOLOGY

Buranbayev R.N., Kamaldinov I.R.

SOME RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE ASPARA SETTLEMENT IN 2022.....611

Jalaledin Sh.A.

THE LEGACY OF THE STEPPE ARCHITECTURE OF THE TORGAI STEPPE (BASED ON THE RESULTS OF FIELD STUDIES IN 1980 AND 2001).....626

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10(3)

*Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.*

Жарияланған күні: 28.09.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМҚ

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМҚ
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй